

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 19 (35),
қазан
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

«ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ»

Kazenergy XII Еуразиялық форумының тақырыбы осы болды

23-29 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін KAZAKHSTAN ENERGY WEEK (KEW) KAZENERGY XII Еуразиялық форумы өтті. Энергетикалық апталық аясындағы ұйымдастырылған шаралар негізінен Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойына арналды.

Апталық аясында «Жастар және заман талабы» XI KAZENERGY Жастар форумының ашылуы болды.

Дүниежүзілік энергетика нарығындағы жаһандық өзгерістер, энергияға деген сұраныстың географиясы мен құрылымының, мұнай бағасының өзгеруі мәселелері «Энергия көздерінің болашағы: инновациялық даму» атты тақырыпта өткен XII KAZENERGY Еуразиялық форумында кеңінен талқыланды. Форум дәстүрлі түрде пленарлық сессиямен ашылды. Оның негізгі спикерлерінің қатарында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Мамин, ОПЕК Бас хатшысы Мохаммед Баркинд, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов болды.

Қазақстан болашақ рецессия қатерлеріне байланысты энергетикалық нарық пен жаһандық экономиканың тұрақтылығы мен болжамдығын қолдау қажет, - деп атап өтті ҚР Үкіметінің басшысы Асқар Мамин.

Сондай-ақ, форум аясында «Энергетика саласындағы әйелдер

көшбасшылығының заманауи бейнесі» тақырыбында KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының IV форумы өтті. Форумда Қазақстанның мұнай-газ және энергетика салаларындағы әйелдер көшбасшылығын дамыту, саладағы әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық және т.б. мәселелері талқыланды. Пленарлық сессияға спикер ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қатысты.

Бұл іс-шара Каспий және Орталық Азия аймақтарындағы энергетикалық сектордың басты жаңалығы болып табылады. Жыл сайын форумға әлемнің 50 мемлекетінен келген 300-ден астам компанияның 2,5 мыңнан астам өкілдері қатысады.

Шара барысында «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғыларлы жерасты жөндеу бригадасының шебері Светлана Қилыбаеваға ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» медалі табысталды. Сонымен қатар, еліміздің мұнай-газ энергетика саласын дамытуға қосқан жеке үлесі, көп жылдық адал еңбегі үшін «Қайнармұнайгаз» МГӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің 5-разрядты басқару пультінің операторы Зухра Құрманғазиева мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ геолог-технологы Алтынай Молдашева марапатталды. Марапат иелерін құттықтаймыз! **Е**



Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Ембі – қауіпсіздік саласында үздіктер қатарында

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында Каспий өңірінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне арналған SPE Симпозиумы (SPE – Мұнай-газ өнеркәсібі инженерлерінің қоғамы) өтті. Kazakhstan Energy Week 2019 аясында өткен симпозиумның негізгі ұйымдастырушысы «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ (бұдан әрі - ҚМГ) болды.

Симпозиумға Каспий өңірінде қызмет ететін 300-ден астам мұнай-газ компанияларының өкілдері, сондай-ақ, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша әлемдік және жергілікті сарапшылар қатысуда. Талқылау табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік тақырыптарын қамтыды. Қатысушылар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында инновацияларды енгізу тәжірибесімен алмасты.

«ҚазМұнайГаз» өндірістік қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай болуға ұмтылады. Біз бұл мәдениеттің нығаюы үшін бәрін жасап отырмыз. Соңғы

5 жылда өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында ілгері қадам бастық. 100% қауіпсіздікке жету жолында жұмысты жалғастырамыз», - деді ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

SPE симпозиумы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Ілияс Сарыбеков Каспий аймағында әлеуметтік жауапкершілік, еңбек және қоршаған ортаны сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы марапатқа ие болды.

Айта кетейік, ҚМГ іс-шараның ұйымдастырушысы болуы кездейсоқ емес. Бүгінде компания жарақат алудың, жазатайым оқиғалардың және экологияға жағымсыз әсерді болдырмауға ықпал ететін алдын алуды жүзеге асыруға ерекше назар аударуда. 2019 жылдың басынан бері өндірістік жарақат алу оқиғалары 25%-ға төмендетілді. Алайда компания жазатайым оқиғалар бойынша нөлдік көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында үздіксіз жаңа әдістемелерді іздестіруде. **Е**



Мұнай кен орындарының жарамдылық мерзімін ұзарту жөнінде жол картасы жасалады

Бұл ұсынысты «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев «Атамекен» ҚР ҰКП төралқасы Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің отырысы барысында айтты. Бұған дейін мұнай өндіру коэффициентін ұлғайту мәселесі және жаңа мұнай кен орындарын әзірлеу қажеттілігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ саласының кеңейтілген отырысында көтерген болатын. Айта кетелік, бизнес өкілдері жаңа мұнай кен орындарын әзірлеу және Жаңаөзен сынды кен орындарын толық барлау мәселесін бірнеше рет көтерген болатын, алайда мұндай жұмыс үлкен инвестицияларды талап етеді.

- Бізге экономикалық реттеудің тиімді жүйесі қажет. Мүмкін, салық жеңілдіктері тұрғысынан ресейлік әріптестердің тәжірибесін қарастырған жөн. Бүгінде Жаңаөзенде, мәселен, мұнайды алу коэффициенті 0,3-ті құрайды, оны 0,5-ке дейін өсіру қажет. Ол үшін нақты осы кен орнына ынталандыру шараларын қолдану қажет. Біз жекелеген кен орындарына баса назар аударып, технологияларды енгізу қажет, – деді Алик Айдарбаев.

Спикердің айтуынша, Қазақстанда мұнай өндіруде көп шығындарды талап ететін кен орындары бар, ал ынталандырудың басқа әдістері жоқ. Өз кезегінде Комитет төрағасы Данияр Абылғазин 2020 жылдың аяғына дейін Жол картасын әзірлеуді ұсынды.

- Бірінші кезекте мұнай қорларына ауқымды түгендеу жүргізу керек, олардың қайсысын ынталандыру қажет етілетінін анықтап алған жөн. Салық саласында ресейлік әріптестердің тәжірибесімен танысу. 2020 жылдың қыркүйек айына дейін жұмысты аяқтап, Жол картасын әзірлеуді ұсынамын, – деді Данияр Абылғазин.



Сонымен қатар, жиналыс барысында мұнай өнімдерін бақылау-есептеу құралдарынан деректерді алу үшін абоненттік төлем мәселесі көтерілді. Деректерді автоматтандырылған онлайн-таратуды қамтамасыз ету операторы болып «НИТ» АҚ компаниясы тағайындалды. Бүгінде абоненттік төлем бір бақылау-есептеу құралына айына 4150 теңгені құрайды.

- Бұл бизнеске қаржылық ауыртпалық салады. Мемлекеттік кірістер органдардың делдалдар арқылы қажетті деректерді алуы үшін кәсіпкерлік субъектілері тұрақты әрі негізсіз шығындарды көтеруге мәжбүр. Қазіргі таңда мұнай өнімдерін бөлшек сатушылары «Е-сапа» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесінің жеке кабинетіне қол жетімділікті ұсынатын қызметтерге ақы төлеуге дайын, бірақ ай сайынғы абоненттік төлем бір жанармай станциясына ба-

қылау-касальдық машиналардан деректерді тарату бойынша абоненттік төлемі секілді, 1500 теңгеден аспауы тиіс, – деді Қазақстан отын қауымдастығының төрағасы Болат Әуетаев.

Қазақстанда 4 мыңға жуық жанармай құю станциясы жұмыс істейді, олардың әрқайсысында ең кемі 5 резервуар бар. Сәйкесінше, бөлшек сатушылар «НИТ» АҚ қызметтері үшін жылына шамамен 1 млрд теңге төлеуі тиіс. Мәселен, «PetroRetail» ЖШС үшін қызмет ақысы жылына шамамен 90 млн теңгені, «Гелиос» ЖШС – 70 млн теңгені құрады.

- Бұл бизнес үшін айтарлықтай қаржылық ауыртпалық әкеледі, бізге осы мәселені көтеру керек. Нормативтік актілерде, бизнес өкілдері бақылау-есептеу құралдарын енгізу үшін миллиондап шығын көтерді. Дұрысы, осы қызметтердің төлемін алып тастау керек, өйткені, егер бақылау-есептеу құралдарын енгізу

және деректерді тарату бастамашысы өкілетті мемлекеттік орган немесе үкімет болса, онда «НИТ» АҚ қызметтері де кәсіпкерлік субъектілері есебінен емес, мемлекет есебінен төленуі тиіс, – деді Комитет төрағасы.

Естеріңізге салсақ, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заңға сәйкес мұнай өнімдері бақылау-есептеу құралдарын қолдану және өкілетті орган – ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне онлайн-режимде деректерді беру арқылы өндіріліп, сатылуы тиіс. Аталған норма мемлекеттік органдарға салықтық аударымдарды ұлғайтуға мүмкіндік береді. Талқылаудың тағы бір тақырыбы – жаңа экологиялық кодекске қатысты болды. Қазақстанда екі жыл бойы кодексті әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тұжырымға сәйкес, қоршаған ортаға зиян келтіретін кәсіпорындар «ластаушы төлейді» қағидаты бойынша жоғары жауапкершілікті көтеретін болады. Өз кезегінде, жер қойнауын пайдаланушылар жұмыс тобы шеңберінде газды жағудан қалдықтар үшін төлемдердің жеке ставкаларын және ұсынылған жобаларда ең жақсы қол жетімді технологияларды енгізу шығындарымен байланысты қажетті ынталандыру механизмдердің болмауын қоспағанда, қалдықтар үшін төлемдердің мөлшерін едәуір жоғарылатумен байланысты мәселелер тиісті түрде талқыланып жатыр, атап өтті.

Салалық қауымдастықтар Экологиялық кодекстің жобасы – экономиканың барлық салалары үшін маңызды құжат екені және оны әзірлеу ілеспе заң жобаларын, әсіресе, салық бөлігін бір мезгілде талқылау арқылы жүргізілуі қажет екенін айтты. **E**

www.energo.gov.kz

Сатып алудағы жергілікті үлес 78%-ды құрады

2019 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында сатып алудағы жергілікті үлес 78% құрады. Бұл туралы Нұр-Сұлтанда өткен Машина құрастырушылар форумында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) Сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директоры Есен Қайржан мәлімдеді. Аталған көрсеткіш еліміздің мұнай-газ саласындағы орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Сатып алуда жергілікті үлесті арттыруға ҚМГ компаниялар тобындағы бизнес-үрдістерді жетілдіру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын сатып алу қызметін санаттық басқару жүйесін енгізу септігін тигізді.

- Сатып алу стратегияларының аясында тауар мен қызмет көрсетуге деген ҚМГ тобындағы бірнеше ұйымның қа-

жеттілігін біріктіретін санаттық менеджмент өзінің тиімділігін дәлелдеді. Бүгінде осындай стратегиялар дайындалатын тауар, жұмыс және қызметтің 67 түрінен тұратын тізім айқындалды. Қазіргі уақытта оның 16 сәтті жүзеге асырылуда, ал тағы 17 сатып алу стратегиясы дайындалу үстінде, – деді Е. Қайржан.

Форумда «Өндіру мен бұрғылауға арналған құбырлар» атты санаттық сатып алу стратегиясы мысал ретінде келтірілді. Оның аясында ҚМГ отандық «KSP Steel» ЖШС және «Каскор-Машзавод» ЖШС компанияларымен сорапты-компрессорлық құбырларды жеткізіп беру туралы жалпы сомасы 40 млрд теңгеден асатын ұзақ мерзімді келісімшарттарға отырды. Мұнайды өндіруге қажетті сорапты-компрессорлық құбырлар, тереңдік сораптарға арналған бағаналар және трансформаторларды ҚМГ өткен жылы да толығымен отандық мұнай-газ жабдықтаушылардан сатып алған болатын.

Айта кетейік, отандық өндірушілермен әріптестік «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Жаңа өндірістерді дамыту және қолдау мақсатында импорт алмастыру жөнінде жергілікті кеңсе құрылды.

www.kmgp.kz

ҚМГ: 60-70 \$ көлеміндегі мұнай бағасы біз үшін оңтайлы

2019 жылғы 26 қыркүйекте Нұр-Сұлтанда қаласында Kazakhstan Energy Week 2019 апталығы аясында «Мұнай болашағы: ақиқат және болжам» интерактивті пікірсайыс өтті. Мұнай-газ саласының өзекті мәселелерін талқылауға Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, ОПЕК бас хатшысы Мұхаммед Баркинд, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев, ЭксонМобил Апстрим Ойл энд Газ аға вице-президенті Том Шулслер, Эни СпА бас директоры Алессандро Пуллити және басқа да әлемдік сарапшылар мен мұнай-газ компанияларының өкілдері қатысты.

Пікір алмасу барысында дүниежүзі бойынша мұнайды шамадан тыс пай-

далану, алдағы уақыттағы мұнай сұранысы мен ұсыныс географиясының өзгеруі, жаңа энергетикалық ахуал және оның еліміздегі отын-энергетикалық кешеніне ықпалы, мұнай бағасы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланды.

Бүгінгі шарада «ҚазМұнайГаз» компаниясы үшін өзекті сұрақтар мен түйіткілді мәселелер көтерілді. Оның ішінде мұнай бағасы, әлемдік энергетика нарықтарындағы тұрақсыздық. Жалпы, қазіргі кездегі 60-70 доллар шамасындағы мұнай бағасы «ҚазМұнайГаз» үшін қолайлы болып табылатынын атап өткім келеді, – деді өз сөзінде А. Айдарбаев. **E**

www.kmgp.kz



Биік белес

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас ғимаратында Компанияны көп жылдар бойы басқарған техника ғылымдарының кандидаты, республикаға белгілі ардагер мұнайшы Батырбаев Махамбет Демешұлымен кездесу кеші өтті.

1995 жылы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіне басшы болып келген Махамбет Демешұлы Батырбаев ең алдымен әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқатып, жұмысшыларға қолайлы жағдай жасауды қолға алды. Ол ембіліктерді толғандырған мәселелерді түсініп, шешуге біркісідей атсалысты. Өйткені, өзі де мұнай өнеркәсібіндегі еңбек жолын оператор болып бастаған еді.

Махамбет Демешұлының Қысымбай (1993 ж.), Аққұдық (1995 ж.), Кенбай, Уаз (1999 ж.), Қондыбай (1999 ж.), Мөтен, Шығыс Мақат (1993 ж.) және басқа да кен орындарын тиімді өндірудегі атқарған еңбегі орасан зор. Оның қажырлы еңбегі мен қайраттылығының арқасында Қазақстанда Тайсойған аумағында жұмыстар жалғаса берді. «Ембімұнай» мен ОҒЗЗ-ның геологиялық қызметімен

бірлесіп, Тайсойған блогы бойынша мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің бағдарламасы қабылданған болатын.

Шараны ашқан «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков ардагер мұнайшының іскерлік, кәсібилік қасиеттеріне ерекше тоқталды.

- Ембі тарихында есімдері алтын әріптермен сақталып қалатын ардагер мұнайшылардың ішінде бірегейі – Махамбет Демешұлы. Оның Ембінің дамуы мен өткендеуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өзім де мұнайшы ретінде көп нәрсені үйрендім. Ембілік ұжымның Сіз үшін ыстық екенін ескеріп, өзіңізбен арнайы кездесу ұйымдастырып отырмыз. Ортамызға қош келдіңіз, - деп ЕМГ басқарма төрағасы ардагер мұнайшыға ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» төсбелгісін табыстап, қазақы салт бойынша иығына шапан жапты.

Махамбет Батырбаев «Ембімұнайгаз» ААҚ мен «Қазақойл-Ембі» ААҚ бас директоры қызметін атқарған кезде қа-

жетті материалдық-техникалық базамен жабдықталған жатақханалар, асханалар құрылысы бағдарламасын жасақтады. Сонымен қатар, ол экологиялық тұрғыдан қолайсыз аймақ саналатын Сарықамыста тұратын мұнайшылар отбасыларының Атырау облысының орталығы мен Жаңа Каратон ауданындағы жаңа үйлерге қоныстануына мүмкіндік жасады. Оның басшылығы кезінде Сарықамыс, Құлсары мен Қосшағыл кентінің оқушылары мен оқытушылары бірінші рет Қырымға жазғы демалысқа жіберілді.

Бірақ, мұны іске асыру оңайға соққан жоқ. Өйткені, қаржылық қаражаттар өндірістік қажеттіліктерге жетіспей жатты. Сол уақытта мұнай баррелі бар болғаны 9 \$-ды құрады, бартерлік жүйе орын алды.

2002 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрылып, М.Батырбаев жаңа Қоғамның құрылымына жұмыс істеуге кетеді. Компанияның вице-президенті бола жүріп, көптеген өндірістік мәселелерді шешуге ықпал етті. Сол уақыттағы кен орындарының негізгі бөліктері өзінің қорларын



өндіріп, қойнауқаттардың өнімділігін арттыру үшін техникалық жаңалықтар енгізу қажет болды.

Жиын барысында сөз алған Махамбет Батырбаев Ембіні басқарған тұста өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, әріптес болған Баймұрат Ахметов, «Ембімұнайгаз» АҚ-да басшылық қызметтерді атқарған Мақсым Ізбасов, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақаев, ЕМГ қаржы директоры-қаржы бақылаушысы Нұрсәуле Тәжмағамбетова ардагер мұнайшының білікті басшы, шебер ұйымдастырушы, күрмеуі қиын мәселелерді оңтайлы шеше білетін қасиеттеріне ерекше тоқталды.

Кеш соңында, ардагер мұнайшы, сыйлы азамат, техника ғылымдарының кандидаты, ғылыми мақалалар мен 35 өнертабыстың авторы, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының, Губкин атындағы, Байбаков атындағы сыйлықтың лауреаты. ҚР Еңбек сіңірген қызметкері, Атырау, Жаңаөзен қалаларының, Атырау облысының Жылыой және Қызылқоға аудандарының Құрметті азаматы Махамбет Демешұлы Ембіні басқарған жылдардан естеліктерін айтты.

- Қазір ойлап отырсам, 1960 жылдан бастап осы салаға келіп, содан бері мұнай-газ саласынан қол үзбеппін. Демек, биыл Қазақстан мұнайына 120 жылының 60 жылы бойына менің өмірім осы саламен байланысты болды. Еңбегім де еленді. Алайда, өмірімдегі ең жоғары марапат – сіздермен жүздесу, - деп өзіне көрсетілген құрметке алғыс білдірді. **Е**



Саясат

«Нұротандықтардың» кезекті жиыны өтті

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының кезекті жиыны өтті. Оған Компания басшылығы, барлық партия мүшелері қатысты.

Жиналыстың күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының 7 серпіні» бағдарламасын талдау, бастауыш ұйымының 2019 жылдың жарты жылдығында атқарған жұмыстарына есеп беру және 2020 жылдағы жұмыс жоспарының бағытын айқындау мәселелері талқыланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы, «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының жетекшісі Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

баяндама жасап, алда кезегін күткен нақты шараларға қысқаша тоқталды.

- ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында әлеуметтік саладағы отбасы институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру туралы айтқан болатын. Жолдаудағы халық игілігі үшін атқарылар әлеуметтік саладағы ауқымды шаралар, жүзеге асырылар кешенді жобалар көңіл қуантады, -деп атап өтті өз сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Компанияның «Жас мамандар» кеңесі атынан сөз алған Инвестициялық талдау департаментінің аға аналитигі, БПҰ бюро мүшесі Мақсат Сүйесінов жас отандықтардың партия өміріндегі белсенділігін дамыту жөніне тоқталса, Қоғаммен байланыс қызметінің жетекші маманы, БПҰ бюро мүшесі Ғалия Қаражанова Компания бойынша 2019 жылы жүзеге асқан партиялық жобалар туралы қысқаша баяндап өтті.

Жиын барысында БПҰ 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының бағыттары талқыланды. **Е**



Вдохнуть жизнь в зрелые месторождения

(Продолжение. Начало в предыдущем номере газеты (№18))

По словам председателя комитета геологии и недропользования Министерства по инвестициям и развитию РК Акбатыра НАДЫРБАЕВА, сегодня на государственном балансе состоит 317 нефтегазовых месторождений, промышленные запасы которых по категориям А-В-С1+С2 составляют 4,5 млрд. тонн нефти, порядка 1,6 трлн. газа и около полумиллиарда газового конденсата. При этом на долю трёх крупных месторождений – Тенгиз, Кашаган и Карачаганак приходится 79% запасов. За годы независимости прирост запасов составил 2,1 млрд тонн, при этом добыто было 1,6 млрд. тонн.

- Всем известен принцип: если добыл, нужно восполнять эти запасы. Между тем, если к трем вышеперечисленным крупным проектам прибавить добычу на более-менее крупных месторождениях, на долю остальных 300 мелких месторождений приходится всего 5% запасов. К ним относятся многочисленные, мелкие месторождения с трудноизвлекаемыми, высоковязкими запасами, которые доживают свой жизненный цикл и с которыми нам нужно дальше работать. С прошлого года министерство разрабатывает программу геологоразведочных работ, рассчитанную на 2021-2025 гг., в рамках которой перед нами поставлена задача рассматривать планы геологоразведочных работ не только по углеводородному сырью, но и в целом

по всем видам твердых полезных ископаемых. В рамках программы должны системно в законодательных актах решить вопросы стимулирования инвестиций за счет частных средств. Большое внимание в программе уделено развитию геологической науки. Как отметил министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзум Мирзағалиев, в планах придать статус национального оператора научно-исследовательскому институту геологических наук им. Сатпаева.

- Говорить в Казахстане о том, что наши месторождения истощены, некорректно, - отметил доктор геолого-минералогических наук, профессор Герой ЖОЛТАЕВ, - Это могут сказать в Татарии и Башкирии, где месторождения «разрезаны» до фундамента.



Назовите мне у нас хоть одно месторождение, которое изучено до подсоловой залежи?! Эти утверждения порождены несовершенством законов. Если меловая залежь истощена, это не значит, что нефти нет в юре или в триасе, в подсоловой части. Еще в 1949 году Каныш Сатпаев проводил всесоюзное совещание, в ходе которого состоялась большая дискуссия между учеными, некоторые из которых утверждали, что в триасе красноцветном делать нечего. А сейчас это один из перспективных объектов, который столько лет выручает «Эмбаунайгаз» на Прорве. Есть еще крутые солевые склоны в Доссоре и Макате, поэтому говорить, что наши месторождения истощены, преждевременно.

Еще одна причина текущей ситуации – слабый уровень наших буровиков, которые сначала могли бурить только 2-тысячные, потом 3-х и 5-тысячные глубины. Прогресс бурения – путь к изучению новых глубин!

Г. Жолтаев призвал нефтяников при разработке проектов освоения месторождений, внимательнее относиться к изучению геологической части, что впоследствии снимет возможные вопросы у Центральной комиссии по разработке месторождений.

Всего в работе конференции приняли участия более 200 участников, представляющих более 50 предприятий, НИИ и ВУЗов. По итогам конференции опубликован сборник материалов в 2-томах. **Е**

Мұнайшылар шығармашылығы

Өлең, мен сені аялап өтем...

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық еңбек ұжымдарында Қазақ поэзиясының падишасы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған «Қазақтың аяулысы, перизаты, Өшпейді ешқашанда Фариза аты» атты поэзия кештері өтті.



Компанияға қарасты «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен болған өнер шарасы – поэзия сайысында барлық басқармаларда өтіп, онда мұнайшылар жерлес ақынымыз Фариза Оңғарсынованың оқырмандарға кеңінен тараған жыр шумақтарынан, ақынның сөзіне жазылған өндерді орындаумен өзара бақ сынасты. Ал, мұнайшылардың өнеріне әділ қазылық еткен «Кең Жылыой» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, республикалық мұшайралардың жеңімпазы, ақын Саулеш Шәтенова, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын

Гүлзада Ниетқалиева, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова алдымен сайыскерлердің ақынның шығармашылығын қаншалықты терең меңгергендіктеріне баса мән берді. Бір аптаға созылған өнер сайысында үздіктер топ жарып, қорытынды шара-гала концертке жолдама алды.

ПОЭЗИЯ КЕШІНДЕ ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛҒАНДАР:

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бойынша:

1-орын - мұнай және газ өндіру цехының №3 Батыс Прорва кен орны бригадасының операторы Жұмабек Геннадиев пен Құлсары арнаулы техника және автокөлік колоннасының машинисі Нұрлан Дюсов;

2-орын - Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының №1 бригадасының операторы Қайрат Смаилов пен Құлсары нысандарды ағымдағы жөндеу телімінің коменданты Зәмзия Мирманова;

3-орын - мұнай-газ өндіру цехының С.Нұржанов кен орнының №1 бригадасының операторы Талғат Қабдолов пен Прорва жылумен, газбен, сумен қамту телімінің жылу қазандығының операторы Мейрамгүл Исмағамбетова.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ бойынша:

1-орын - мұнай дайындау және айдау цехының тұзсыздандыру мен сусыздандыру қондырғысының операторы Мәулен Мұхамбеталиев,

2-орын – қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау

бөлімшесінің слесарь-жөндеушісі Нұрлан Абитов,

3-орын - Кенбай мұнай-газ өндіру цехы қабат қысымын сақтау учаскесінің слесарь-жөндеушісі Нұргелді Жолдасовтар ие болды.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ бойынша:

1-орын - мұнай дайындау және айдау цехы Қарсақ-Ботахан-Байшонас химиялық зертхананың лаборанты Жаннат Өтепова мен Шығыс Мақат кен алаңы жатақханасының коменданты Айсұлу Мантаева,

2-орын - Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехының технологиялық қондырғыларының операторы Әскер Нұрманов,

3-орын - Қошқар кен алаңы мұнай-газ өндіру цехының №2 бригадасының шебері Әскер Кизбасаров;

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша:

1-орын - №1 мұнай-газ өндіру цехының мұнай өндіру операторы Дастан Әділбекұлы мен қызметкерлерді бас-

қару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің инженері Жарқын Темеев;

2-орын - ұңғыларды жер асты жөндеу цехының операторы Асхат Ишангазы және есептеу және есеп жүргізу бөлімінің есепшісі Ерқанат Балмурзин;

3-орын Бекешева Галя, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы және механика бөлімінің инженері Аташева Жеміс;

«Ембімұнайэнерго», «ӨТҚЖЖК» басқармалары мен Орталық басқару аппараты бойынша:

1-орын - «Ембімұнайэнерго» басқармасының сапа бойынша инженері Айнагүл Гумарова;

2-орын - «Жайық» АЭТ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі 1 санатты инженері Нұржан Мұханбетов;

3-орын - еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару тобының 2-санатты маманы Райхан Балғымбаева. **Е**



Мұнайлы ауданның мерейтойы кең түрде аталып өтті

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ірі өндіріс алаңдары орналасқан Мақат кентінде ауданның құрылғанына 95 жыл толуына арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік шараға облыс, аудан басшылығы, ЕМГ басшылығы, аудан тұрғындары, мұнайшылар мен ардагер мұнайшылар қатысты.

Еліміздің мұнай-газ секторы үшін ерекше оқиға - Қазақстан мұнайына 120 жылдығымен тұспа тұс келген мұнайлы өңірдің 95 жылдық шарасына ембілік мұнайшылар да үлкен дайындықпен келді. Айтулы мерекелік шаралар ЕМГ ұжымы мен аудандық әкімшіліктің бірлескен жұмысымен жүзеге асты.

Салтанатты шара «Мақат ауданы – қазақ мұнайының көшбасшысы» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференциясынан бастау алды. Конференцияда «Ембі: кеше, бүгін, келешекте» атты баяндама жасаған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ қазақ мұнайының бастауында тұрған - Ембі өндірісінің кешегі мен бүгінгісіне қысқаша шолу жасады. Компанияның алға қойған мақсаты да аталып өтті.

- Еліміздің мұнай-газ секторы алғаш қалыптасқан уақыт ішінде Ембі өндірісі талай қиындықтарды бастан кешірді. Қиындықтарды оң нәтижемен жеңе білді. Бүгінде Компания өнім өндіру көрсеткішін тұрақты орындап отыр. Мұның өзі ескі кен алаңдарында игеру, жаңа ұңғыларды бұрғылау, ұңғыларды күрделі жөндеу, жаңа технологиялар-



ды, құрал-жабдықтарды енгізу есебінен мүмкін болып отыр. Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ толық барлау жұмыстары негізінде қорды 10-12 млн. тоннаға арттырып отырған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның жалғыз бөлімшесі. Алдағы он жылға есептелген ЕМГ Тұжырымдамасы бекітіліп, стратегиялық бағдарламалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Тың жобалар қолға алынууда, – деп атап өтті өз сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Конференция барысында тойға жиналған қонақтарға аудан әкімі Кейкин Шәкір Кейкинұлы ауданның 95 жылдығына арнайы жасалынған төс белгі табыс етіп қазақтың дәстүрімен шапан жапты.

Айтулы шараның аясында Доссор, Мақат кенттерінде мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Бәйгетөбе алаңында әуелі топ бәйге, кейін аламан бәйге өтті.

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған «мыңнан шыққан тұлпарлар» жиналған көптің делебесін қоздырып, ынтықтыра

түсті. Межелі мәреге жетпегені де болды. Топ бәйгеде 16 жүйріктен суырыла шыққан Ақтөбелік Тұрақбай Мүсілім мәрені бірінші кесті. Ал, аламан бәйгеде 14 сүйгіліктің ішінен Тараздық Айбол Ермековтің «Дос» атты сәйгүлігі он айналымнан бірінші келді.

Мерейтойдың қызығын қазақша күрес алаңы жалғады. Жас буын өкілдері белдескен кілем үстінде қызықты тартыс болды.

Еліміздің бірнеше дүркін чемпиондары әлі де таныла қоймаған палуандармен кездескен сәттері де жанкүйерді қызықтырмай қалмады.


Бірі жамбасқа сала лақтырса, келесілері бүк ұпаймен алға шығып жатты.

Нәтижесінде, мақаттық Серікболсын Шынтас бірінші орынды иеленсе, екінші орынға ақтөбелік Жандос Қалабайдың қолы жетті. Үшінші орынды мақаттық Әділет Сапарғалиев иеленді. Шашасына шаң жұқтырмаған палуандар көптің қошеметіне бөленді.

Спортсүйер қауым той мерейіне орайластырылған қой көтеру сайысын да қызықтады. Доссорлық Бекзат Күншығаровқа шақ келер мықты табылмады. Ойынның жеңімпазына тігілген қазақы қойды Бекзат қанжығалап кетті.

Бұдан басқа, қазақша күрес спорттық шаралары, сонымен қатар, «Мақтанышым-Мақатым» атты аймақтық ақындар айтысы өтті.

Аудан тұрғындарына «Ембімұнайгаз» АҚ республикалық өнерпаздардың қатысуымен гала концерт пен отшашуды сыйға тартты. Мерекелік кешке Қазақстан эстрадасының жарық жұлдыздары Қанат Үмбетов, Әлия Әбікен мен Хадиша Сейітова өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік кешті Атырау облысынан келген өнерпаздардың аудан тарихынан сыр шертер композициялық қойылымымен бастау алып, аудан өнерпаздарының ән-шашуларымен жалғасын тапты. **Е**



Ембілік кен алаңдары

Кеңес Одағына танымал болған мұнай кәсіпшілігі

Доссор кентінен оңтүстік шығысқа қарай 18 шақырым қашықтықта орналасқан Сағыз кен алаңында алғашқы геологиялық зерттеулер 1925 жылы картаға түсіру үшін бұрғылаудан басталды. Терең бұрғылау да геологиялық картаға түсірумен қатар жүргізіліп, бірнеше кезеңге созылды. Бірінші кезең 1925-1935 жылдарды қамтыды.

1931-1932 жылдары Солтүстік Сағыздағы №10 және 14 ұңғымалардан орта юра түзілімдерінен шығымы тәулігіне 6-9 тонна болатын өндірістік мұнай алынды. Басқа ұңғымалар мұнай бермегендіктен, Сағыз барлау учаскесі ұзақ мерзімді тоқталысқа қойылды.

1937 жылы батыс қанатта К-7 құрылымдық іздестіру ұңғымасында пермотриас қабатындағы түзілім анықталды. 1938-1945 жылдардағы терең бұрғылаудың екінші кезеңінде Орталық Сағыздағы шығыс қанаттың шеткі жиігінде өнікті пермотриас қабаты табылды. Міне, сөйтіп, Сағыз кен орны 1939 жылдан пайдаланылып келді.

Сағыз кен алаңының мұнайшылары, әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдары өндірісте үздік жұмыс көрсете білді. Мә-

селен, «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жылы 1-мамырда шыққан нөмірінде: «Сағыз – Қазақстан мұнай комбинатының озат промыселі. Ол бірнеше айдан бері Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен ҚБ (б) Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туын қолдан түсірмей, төрт айлық жоспарын мерзімінен 11 күн бұрын орындады.

Жұмабаев пен Арықов істейтін комсомолец жастар әрдайым жоспардан тыс мұнай беруде. Ондағы жас жігіттер мен қыздар: «Майдан үшін!» деген ұранмен жұмыс жасайды.

Бір күні сор көлдің қақ ортасында тұрған №3 скважинада дала тартқыштары үзіліп қалды. Скважина тоқтады. Бұны оператор Арықов байқады. Скважинаға жетіп, бұзылған жерді тез түзеу керек болды. Ол уақытта учаскеде резеңке етік болмай шықты. Арықов суға түсіп, скважинаға барды да, тез жөндеп жүргізіп жіберді. Сор көлдің ішінде тұрған №150 скважинада күн сайын 10 тонна мұнай береді. Бірінде осы скважина тоқтап қалды. Бұны оператор Ақылжанов байқады. Мұздай судың ішінде тұрып, Ақылжанов үзілген ременді тігіп тастады. Мұн-

дай мысалдар көп. «Майдан үшін, жеңіс үшін» - бұл ой – сағыздықтардың бойын билеген басты ұран» делінген мақала шыққан. Міне, елдің қамын алдыңғы кезекке қойған ұжымның табысты жолы жалғасын осылай таба берді.

«Қайнарбұлақ» кітабында келтірілген деректерден үзінді келтірейік. 1954-1965 жылдары Сағыз тәулігіне 200 тоннадан «қара алтын» беріп тұрды. Сағызды бір орталықтан жылытатын орталықтың тұрғызылауы, поселке ішінде ұзындығы екі шақырым жаяу жүргіншілер жүретін жолдың төселуі, клубтың сәндендірілуі, көгалдандырудың кеңінен жүзеге асуы, жазғы клубтың салынуы, ауыл ауылға ауыз су құбырының тартылуы, көшенің жарықтандырылуы сияқты игі жұмыстар осы кезеңдегі атқарылған шаралар еді. Ал, 1961-1963 жылдары өндірістік учаскелер автоматтандырылып, бір орталықтан басқарылды.

Талай мұнайшы саңлақтар есімі Сағызбен тығыз байланысты. Ленин орденді мұнайшы С.Әлиев, учаскенің директоры мен бас инженерлері Б.Махамбетов, М.Жұмабаев, Б.Төралиев, П.Корнеев тағы басқалардың есімі ұрпақ жадында сақталмақ.

Сексен жылдық тарихы бар аталған кен орны экономикалық тиімсіздігіне байланысты 2001 жылы тоқталысқа қойылғаны белгілі. Қолда бар деректерге сәйкес, осынау уақыт аралығында кен орнынан шамамен 1 миллион жарым тоннаға жуық мұнай алынды. **Е**



Асылбек КУШЕКЕНОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Қарсақ мұнай өндіру цехы бригадасының технологиялық қондырғылар операторы:

Табысқа жетудің кепілі - мақсаттыңның айқын болуы

- Міне, Татарстанның Альментьевск қаласында өткен «Үздік маман» шеберлік сайысының III кезеңі де өз мәресіне жетті. Жолға жинақталғанда өзіме-өзім «тек I орынды иеленуім керек» деген мақсатты алға қойдым. Мақсатың айқын болса, табысқа жету де оңай. Екі кезеңнен тұрған сайысқа қысқаша тоқталсам. Тәжірибелік сыннан өте жақсы өттім, берілген тапсырманы 100 пайызға орындадым. 15 минутта орындау керек тапсырманы 11 минут-

та, уақытынан бұрын тапсырдым. Уақыттың мөлшері сайыста айтарлықтай ескерілетін жайт.

Ал, теорияға келгенде 20 сұрақтың 18-не дұрыс жауап берсем, 1-не берген жауабым екіұдай болды. «Мұнай эмульсияларының негізгі түрлерін атаңыз» деген сұраққа екеу деп те, үшеу деп те жауап беруге болады. Мен мұнай эмульсиясының 3 түрі болады деп жауап бердім. Әділ қазылар алқасы «мұнай эмульсиясының 2 түрі бар деп» менің жауабымды қабылдамады. Мен бұл сұраққа мұнай эмульсиясының 3 түрі болатынын айтып, барынша методикалық құралдарға жүгіне дәлелдедім. Менің дәйекті пікіріме тоқтаған әділ қазылар алқасы біраз уақыт пікірталастан соң «жауапты қабылдауға болады, қате емес, алайда мұнай эмульсиясының негізгі 2 түрі бар» деген жауапты алға тартты. Біраз уақытқа ұласқан пікірталастан соң II орынды иеленген шығармын деген ойда болдым.

Марапаттау шарасында ең үздік деп аталғандардың арасынан өзімнің есімімді естігендегі қуанышымды көрсеткіздер! Шынымды айтсам, балаша қуандым, себебі, бұл – мен еңбек ететін тұтас ұжымның табысы. Өзіме жүктелген жауапкершілікті үлкен абыроймен орындап келдім.



Әлібек ТУЛЕПОВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Жайық» электр торабының жөндеу және қызмет көрсету электр монтері:

Жеңіс өз қолыңда

- Татарстанның Альментьевск қаласында өтетін үздіктер бас қосқан сайысқа қатысатынымды алғаш естігенде, әрине, алдымен қуаныш сезім, кейін қобалжу бойымды баурады. Себебі айтпаса да түсінікті ғой. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының құрамына кіретін компаниялардың арасынан топты жарып шыққан үздіктердің қатарында болу, кімге болса да қуаныш сыйлайтын жайт. Сонымен қатар, бес мыңнан астам адам еңбек ететін Ембінің намысын қорғайтынымды ойлағанда қобалжығаным да рас. Қобалжығанымның астарында үлкен жауапкершілік жатты. Ұжымның намысын биіктен қорғай білу маған жүктелген үлкен жауапкершілік екенін жақсы сезіндім. Ақтөбе, Ақтау, Павлодар, Шымкент, Атырау қалаларынан келген ылғи мықтылар сайыс алаңында бас қостық. Сайыс 2 кезеңнен: теориялық және тәжірибелік бөлімнен тұрды. Алғашқы сынақ-теориялық білімімізге арналды. 20 сұрақтың жиырмасына да толыққанды дұрыс жауабымды бердім. Келесі кезең-тәжірибелік сынақтан жақсы өтетініме бірден сенімді болдым. Өзіме тапсырылған тапсырманы тез арада сапалы орындап топ жардым. Сайыстың талабы бойынша барлық номинацияларда үздік таңылған мамандардың бір жыл бойғы жалақыларының мөлшеріне I орынға 30 пайыздық үстеме, II орынға 20 пайыздық үстеме, III орынға 10 пайыздық



үстеме қосылды. Бұл да – қарапайым еңбек адамына үлкен мотивация.

Бұл – мен қатысқан алғашқы сынағым емес. Бұған дейін де 2015 және 2017 жылдары «Үздік маман» шеберлік сайысына қатысып, жақсы нәтижелер көрсеткен болатыным. 2015 жылы Ақтау қаласында өткен сайыста өзендік сайыскерден 0,3 пайызға кешігіп, II орынға ие болдым. Альментьевск қаласында өткен сайысқа өзіме таныс үздік мамандар бас қосты. Бұл жолғы сайыста алдымды ешкімге де оратпадым. Түйгенім, өз ұстаныма сенімді бол, өз шешіміңді дәлелдей біл, намысты қолдан жіберме. Жеңіс өз қолыңда, тек батылдық таныт. **Е**

Сұрақ – жауап

Мұнайшылар сауалдарына жауап

1. Ж.Лепенов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру Ақінген кен орны бригадасының 5 разряд мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Осы басқармаға баламды жұмысқа орналастыруға қандай мүмкіндік бар?

Жауап: Өздеріңізге белгілі, 2014 жылдан бері Компания жұмысын оңтайландыру процесі жүзеге асып келеді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында жұмысшы мамандығының бейімді емес қызмет түрлерін аутсорсингке беру қарастырылып отыр. Бүгінде Қоғамның жеңіл көліктер жүргізушілерінің қызметін аутсорсингке ауыстыру жоспарланып отыр. Сол жұмыскерлерді қайта дайындықтан өткізіп, бос тұрған жұмыс орындарына ауыстыру көзделуде. Сондықтан, бос тұрған жұмыс орындарын ішкі жұмыскерлер есебінен жабуға байланысты, сырттан жұмысқа адам қабылдауға шектеу қойылған. Дегенмен, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Қызметкерлерді таңдау, іріктеу және жұмысқа қабылдау» тәртібіне сәйкес, Қоғамда, бос жұмыс орнына сырттан мамандар-

ды тарту қажеттілігі туындаса, бос жұмыс мамандығына біліктілігі үйлесетін үміткер тест тапсыру арқылы біліктілігі бағалана отырып, сырттан қабылданыуы мүмкін. Сондықтан, балаңыз резюмесін басқарманың еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөліміне тапсыруы немесе Қоғамының ресми сайтына (www.emba.kz) жолдауы тиіс. Егер де сіздің балаңыздың мамандығы бойынша Қоғамда жұмыскер қабылдауға қажеттілік туындап жатса, тәртіпке сәйкес, іріктеле отырып қабылданады.

2. С.Кабдулов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының 5-разрядты слесарь-жөндеушісі:

Сұрақ: Екінші жоғарғы оқу, магистратура оқығанда жалақыны сақтай отыра, жұмыстан босатуға бола ма?

Жауап: Екінші жоғары білім, магистратура оқығаны үшін жұмыстан босата алмаймыз, еңбек ақысын да сақтау мүмкін емес, дегенмен жұмыскер еңбектен қол үзбей сырттай оқитын болса, семестр аралық сессия тапсыру, диплом қорғау кезінде күн беріледі және

ұжымдық шартта белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінде алған күніне байланысты ақы төленеді, ал егер компания өзіне қажетті мамандардың білімін жетілдіру үшін ұзақ мерзімге оқуға жіберетін болса, олардың жұмыс орны сақталады, ал қаражат мәселесі оқу шартымен белгіленеді және екі жақты міндеттемелер алумен шешіледі».

3. Е.Елеубаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай-газ өндіру цехының 5 разрядты мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Еңбек демалысының кестесінде нақты күнін көрсету заңды ма?

Жауап: Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының кестесінде нақты күнін көрсету ҚР-ның заң талаптарына қайшы келмейді.

4. Қ.Абежан, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай-газ өндіру цехының бастығы:

Сұрақ: Қарамағымдағы қабат қысымын сақтау операторы Я.Биекенова қазір жасы 54-те. Мерзімінен бұрын зей-

неткерлікке шығу бағдарламасы бойынша 55-жастан зейнеткерлік демалысқа шыға ала ма?

Жауап: Бұрын әйел жұмыскерлер мерзімінен бұрын зейнеткерлікке 55-жастан қалып жүрді, қазір ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңында әйел жұмыскерлердің зейнеткерлікке шығу жасы жылына 6 айға ұзартылуда, сөйтіп 2027 жылы 63-жасқа теңеседі, сәйкесінше әйел жұмыскерлердің мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу жасы да ығысып отырады. Есептеп қарасақ, Я.Биекенова 60-жасқа келгенде осы бағдарламаны пайдалана алады».

5. Р.Гумаров, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы:

Сұрақ: Вахтада жүрген кезде ақысы сақталмайтын күн алуға бола ма?»

Жауап: Ақысы сақталмайтын күн алу үшін екі жақтың келісімі болу қажет, егер жұмыс күші жетіспейтін болса, өндіріс қажеттілігі туындаған жағдайларда Жұмыс беруші тарапынан цех бастығы рұқсат бермеуге құқылы. **Е**

«КОМСОМОЛЬСКИЙ – НАРМОНДАНАҚ» ауыл тұрғындарының туған жерге тартуы

Құмды топырақ Нармонданақ жерінде, 1936 жылы терең бұрғылау әдісімен қазына көзі ашылып, мұнай алуға болатындығы анықталды. Терең бұрғылау технологиясын меңгеріп, жетікат жер астының қыр-сырына қаныққан бұрғышылардың тынымсыз төккен маңдай терінің арқасында 1941 жылы алғаш қара алтын бұрқағы көкке шапшыды.

Алғашқы болып бұрғы бойлатқан бұрғышылар қатарында Байбол Қилыбаев пен Қанбай Байтаңатовтардың есімін құрметпен атауға болады. Қара алтынның әр тамшысы қасқалдақтың қанындай қат болған сол бір сұрапыл соғыс жылдары кен орнын тездетіп игеруге барлық күш жұмсалды. Нармонданаққа әскери комиссариаттың жолдамасымен бір топ комсомол жастар жіберілді. Жалынды комсомол жастардың құрметіне кен орыны 1943 жылы Комсомольский аталып, жаңа пайда болған мұнайшылар поселкесі «Комсомол» атауын алды.

Нармонданақ – көне көз қарттардың айтуынша, нар маяның екі жағына артылған қос «жәшік». Оған көш кезінде жүре алмайтын қарияларды отырғызып алып жүрген екен. Комсомольск елдімекенінің ең алғаш атауы дәл осылай аталған.

Сол сұрапыл жылдардан бастау алып, жетпіс жылға тарта өмір сүрген поселке, мұнай қоры сарқылып 2010 жылы жабылып қалғанымен, бұрынғы Комсомол тұрғындары туған жұртына, ауылына деген оттай ыстық сағыныш серпін алып, «Комсомол» атанған мұнайшылар поселкесінің орнын жоғалтпау мақсатын көздеген комсомолдықтар таяуда туған жеріне «Комсомольский – Нармонданақ» деп аталатын ескерткіш

белгі орнатты. Бұл белгі Доссор-Құлсары тас жолының бойынан, бұрынғы Комсомол поселкесіне бұрылар тұстан бой көтерді.

«Кеше мен бүгін және болашақ жалғасы» деген мағынаны білдіретін ескерткіш-белгі қою мақсатына түрткі болған, елден елу жылдай жырақта жүрсе де, туған жерге деген құрметін жоғалтпаған азамат Батырбек Қанбаев болатын. Қазір Ақтөбе облысы, Кеңқияқ елді-мекен тұрғыны - мұнайшы, кезекті еңбек демалысын алып, бастан аяқ, басы-қасында жүріп жетекшілік етті. Ол кісіге деген шексіз алғысымызды айта отырып, осындай елін, жерін сүйер азаматтар көп болса екен дейміз!

Сол кісінің ұсынысы бойынша өткен жылдың қараша айында WhatsApp желісінде «Комсомолданбыз» атты чат ашылып, ауыл жұртшылығының үлкен қолдауына ие болды. Әсіресе, ауылдан ертеректе арман қуып, түлеп ұшқан кешегі жастар, бүгінде жырақта жүрген жігіт ағалары – Асылбек Жұмағалиев, Молдабай Кенжебаев, Мақсұт Қилыбаев, Құспаняр Әділов, Бақыт Тауниязова, Ұлдай Жапонова, Гүлжан Оразова сынды, тағы да басқа аға-апаларымыз бірауыздан қолдап, жинақ қоры ашылды. Өз істеріне өте жауапты қарайтын Гүлбағила Мақашева, Дариға Амандықова, Досмұқан Қосмұқанов, Жұмабек Ергалиевтер тұрғындардан қаржы жинау жұмыстарын өз міндеттеріне алып, ескерткіштің ашылу шарасына да көп еңбектерін сіңірді.

Кейіннен комиссия құрылып, эскиздік жоба, ұсыныстар жиналды. Сөйтіп, Батырбек Сайдалыұлы ұсынған жоба комиссия мүшелерінің қатысуымен бірауыздан қолдау тапты. Үстіміздегі



жылдың 9-мамырымен маусым айының бірінші жұлдызы аралығында ескерткіш-белгі бой көтерді. Құрылыс барысында көршілес Қарақалпақ елі, Бесқала қаласынан шеберлер шақырылып, Айтжан Досжанов, Мұрат Дүйсенбаев, Самат Махамбетов, Сағытжан Құрмашев, Ғылымбек Қанбаев т.б. жігіттердің атсалысуымен аз ғана мерзім аралығында құрылыс жұмыстары аяқталды. «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасы да тыс қалмай техника, сумен көмектесіп, көмектерін берді.

Маңғыстаудың ақ тасынан әшекейленіп салынған кесене жол-жөнекей өткен жолаушыға сонадайдан көзге шалынады. Онда «Комсомол» мен оған қарасты «Бек-бике», «Алтыкөл» кен орындарының қысқаша тарихы, әр жылдары аянбай еңбек еткен майталман мұнайшылары, Еңбек ерлерінің, Еңбек ардагерлерінің есімдері жазылып, фотосуреттері қойылды. Ескерткіштің алдыңғы бетіне мұнайшылар поселкесінің сол кездегі келбеті: мәдениет үйі (клуб), мектеп, тағысын тағы басқа ғимараттар мен алғашқы мұнай тасымал көлігі «ЗИС» әдемі бейнеленді.

Ұсыныстар мен жобаларды талқылау барысында: «Ауылымыздың атауы – Комсомольск, ескерткіштің сұлбасын бұрынғы комсомолдар белгісінің формасында істелік», - деген Ғылымбек Қанбаевтың ұсынысын орай туған ауылымызға бейімдеп, төсбелгіге тапсырыс берелік деген шешім қабылданды.

Төсбелгіні дайындату барысында алматылық Марат Иманғазиевтың көмегі зор. Сонау Қытай елінде жасатып, ескерткіштің ашылу салтанатына жиналған естелік ретінде халыққа таратылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына Мақат, Жылыой әкімдері, «Доссормұнайгаз» МГӨ басқарма басшылары шақырылды. Күн аптап ыстық болып тұрса да, еліміздің түкпір-түкпірінен ел-жұрт көп жиналды. Он екі қанатты екі-үш киіз үй тігіліп, жылқы сойылды. Ұлан-асыр той болды.

Мұнайшылылар символы – бұрғылау мұнарасы мен мұнай ұңғысы бейнеленген медальон дайындалып, құрылыс барысында көмегі тиген, алыста жүрсе де жылы-жақсы сөздерімен атсалысқан адамдар және де қаржы жинау кезінде бірінші болып үлесін қосқан ауыл үлкені Сәнжан Жұмағазива мен зейнеткер Зайра Қанбаева марапатталды. Алматы, Талғар, Астана, Ақтөбе, Ақтау, Өзен қалаларында тұратын ауыл адамдары келіп, бір-бірімен кездесіп, мәре-сәре болды. Осындай іс-шараны бастап, қолға алып ұйымдастырған комиссия мүшелеріне алғыстарын жаудырып, кесене-белгімізге тағзым етіп, дұға етті.

Ауылдың байырғы тұрғындары Жақсылық Сариєв ағамыз өлеңімен шашу шашып, бата берсе, Жұмабек Байтаңатов ағамыз кесененің лентасын қиды.

Қонақтар естелік суретке түсіп, бір-бірлерін қимай қош айтысып тарады. Ендігі мақсат – келер ұрпаққа ата-бабаларының өмір жолдары мен бастарынан өткен қызықты жағдайлар үлгі-өнеге болардай, тарихи деректер жинағын кітап қылып шығару. **Е**

Светлана ҚИЛЫБАЕВА,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ
ұңғыларды жерасты
жөндеу бригадасының
шебері, Комсомол кен
орнының байырғы тұрғыны



Мұнайлы менің мекенім

Мұнайлы менің мекенім,
Шарықтай түссін ертеңің!
Өзінде жүріп шыңдалғам,
Өмірлік болдың мектебім.
Мұнайлы менің мекенім,
Ғасырдан асты ерлігің!
Қара тер қанша төгілді,

Қара май болып білегің.
Мұнайлы менің мекенім,
Мұнайшы болды түлегің.
Өзінде туып ер жетті,
Майталман, дара ерлерің!
Мұнайлы біздің Отансың,
Қазаққа барша ортақсың.

Еңбегін құптап халықтың,
Елімнің бағы болғаның!
Мұнайлы біздің мекенсің,
Әніме қоспай кетпеспін.
Алғашқы берген бұрқағың,
Есінен ұрпақ кетпесін!
Мұнайшы болар ұрпағым,

Аманат болсын ұраным!
Аталар ізін жалғастыр,
Сарқылмасын бұлағың!

Ораз ТӨЛЕШОВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5
мұнай және газ өндіру цехының
4 разрядты операторы.

Мұнайшылар демалысы қалай ұйымдастырылуда?

16-17 қыркүйек күндері «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің бастамасымен «Мұнайшылар демалысы» бағдарламасына сәйкес «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кен орнында ауысымдық әдіспен жұмыс атқаратын қызметкерлер арасында шахмат, үстел теннисі және бильярдтан жарыс ұйымдастырылды. Аталған жарыс ерікті түрде және жұмыс уақытынан кейін сағат 20.30 – 22.30 аралығында өтті.

Бағдарлама мақсаты – Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасындағы байланысты нығайту, корпоративті рухты қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, сонымен қатар, жұмыс уақытынан кейінгі бос уақыттарын тиімді пайдалану.

Жарысқа ауысымдық әдіспен жұмыс атқаратын барлығы 20 жұмысшы қатысты.

Әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің маманы Ө.Олжағалиев сөз сөйлеп, жарыс жеңімпаздарын Басқарма төрағасының Алғыс хатымен және ақшалай сыйлықтармен марапаттады. Сонымен қатар, қатысушылар атынан №1 мұнай және газ өндіру цехының шебері М.Шахуов және зерттеу жұмыстары цехының 3 дәрежелі операторы Д.Утегенов сөз алып, жатақханада жатқан қызметкерлердің көңіл-күйін көтеру мақсатында мұндай шараларды ұйымдастырып қолға алған ЕМГ басшылығына алғыстарын білдірді.

ЖАРЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

шахматтан:

1 орын – Мәлік Шахуов - №1 мұнай және газ өндіру цехының шебері;

2 орын – Ағидолла Сапаров - арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының жүргізушісі;

3 орын – Жарқын Темеев - басқару аппаратының Еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің еңбекті нормалау жөніндегі инженері;

үстел теннисінен:

1 орын – Азамат Балабаев - күрделі құрылыс бөлімінің инженері;

2 орын – Мейржан Кадимов - газ дайындау учаскесінің шебері;

3 орын – Досхан Утегенов - зерттеу жұмыстары цехының 3 дәрежелі операторы;

бильярдтан:

1 орын – Мержан Айтиалиев - №1 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі операторы;

2 орын – Болат Мамбетов - газ дайындау учаскесінің механигі;

3 орын – Сейтжан Каримсаков – «Медикер» ЖШС-нің дәрігері.

Бұл бастама кейін «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен алаңындағы, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңдары тобындағы «Каспий самалы» вахталық қалашығындағы жатақханаларда ауысымдық әдіспен жұмыс атқаратын қызметкерлер арасында ұйымдастырылды. Бағдарламаның қорытындысын алдағы нөмірлерден оқысыздар. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі